

ПМПИ СТУДЕНТІНІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Павлодар мемлекеттік педагогикалық студенттерінің қауымдастығы:

- институт миссиясын жүзеге асырудағы өз жауапкершілігін сезеді,
- Қазақстан Республикасындағы кәсіби педагог кадрларын даярлайтын жетекші жоғары оқу орындарының бірі ретіндегі, ПМПИ-дің бірлескен мәдениеті мен беделін қолдау және дамыту өз парызын, деп санайды,
- ПМПИ жетістіктерін студенттер мен жастар ортасында насихат жүргізеді,
- ПМПИ-де студенттер, қызметкерлер және жоғарғы оқу орнының әкімшілігі арасында шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға ұмтылады,
- ПМПИ студентінің осы Ар-намыс кодексін қабылдайды және оны қалтқысыз орындауға міндеттенеді.

1-бап.

ПМПИ студенті Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, ПМПИ Жарғысын, ішкі тәртіп Ережесін, жатақханада тұру ережесін және басқа да ПМПИ-дің нормативтік актілерін сақтайды.

2-бап.

ПМПИ студенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, ұлттық мәдениетін, Қазақстан мемлекетінің қалыптасу тарихы мен Қазақстанның мемлекеттілігін біледі және оларды қастерлейді, институт дәстүрлерін кіршіксіз сақтайды және оларды арттырады.

3-бап.

ПМПИ студенті басқа студенттермен, оқытушылармен және ПМПИ әкімшілігімен қарым-қатынас барысында ізеттілік, кішіпейілділік және ұқыптылық танытады.

4-бап.

ПМПИ студенті кез келген адамға оның шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына қарамастан құрметпен қарайды.

5-бап.

ПМПИ студенті өзінің оқудағы міндеттерін қатаң орындайды, этикалық, академиялық және құқықтық олқылықтар жасамайды, соның ішінде:

- шығармашылық ұрлық;
- алдау;
- шпаргалка пайдалану, білімді бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерінен өту барысында көшіру және сыбырлап айту;
- неғұрлым жоғары баға алу үшін туысқандық немесе қызмет бабындағы байланыстарды пайдалану;

- пара беру;
- оқытушыны алдау және оны сыйламау;
- сабаққа себепсіз қатыспау.

6-бап.

ПМПИ студенті институт мүлкінің сақталуына қамқорлық жасайды және институт аумағында бүлдірушілік көріністерінің жүзеге аспауына шара қолдану;

7-бап.

ПМПИ студенті институттың кітапханалық-ақпараттық ресурстарына ұқыпты қарайды және оларға қатысты салғырттыққа немесе зиянкестік әрекетке жол бермейді.

8-бап.

ПМПИ студенті жинақы жүреді. Оның сыртқы түр келбеті эстетикалық нормаларға сәйкес келеді.

9-бап.

ПМПИ студенті салауатты өмір салтын ұстанады және насихаттайды, өзінің мәдени, адамгершілік және денесінің даму деңгейін жетілдіруге ұмтылады, институттың қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсене қатысады.

10-бап.

ПМПИ студенті институтта және одан тыс жерлерде де құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

11-бап.

ПМПИ студенті – елде тұрақсыздыққа бағытталған ақпараттың таратылуына жол бермеуі, сондай-ақ заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, тосқауылдарға, акциялар мен шерулерге қатыспауы тиіс.

12-бап.

ПМПИ студенті институт мүддесіне қайшы келетін және ПМПИ имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез келген іс-әрекетке қатысудан бас тартады.

13-бап.

ПМПИ студенті Кодекс ережелерінің бұзылуын анықтаған сәтте оны өз күшімен тыюға тырысады, болмаса бұл туралы студенттердің өзін-өзі басқару органдарына немесе әкімшілікке хабарлайды.